

Ш.Ш. Жалмаханов^{1*}, Т.З. Жүсіпбек¹, А.Е. Жартыбаев², З.С. Советова³

¹Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

²«Болашақ» академиясы, Қарағанды, Қазақстан;

³Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан
(szhalmakhanov@bk.ru, zhussipbektz@buketov.edu.kz, as.zhar@mail.ru, zaure.sovetova@mail.ru)

Қазақ және тува тілдеріне ортақ лексиканың фонетикалық және семантикалық ерекшеліктері

Қазіргі түркі тілдерінің жалпы салыстырмалы грамматикасы зерттелгенмен, алыс немесе жақын туыстықтағы түркі тілдері өзара нақты грамматикалық аспектіде салыстыра қарастырылмай келеді. Сондықтан да алыс туыстықтағы қазақ және тува тілдерінің ортақ лексикасын фонетикасы мен семантикасын салыстырудың өзектілігі бар деп білеміз. Зерттеу материалы ретінде ортақ лексиканы алудың басты себебі — ортақ лексика ғана тілдердің туыстығының басты көрсеткіші. Ал ортақ лексиканың дыбыстық құрамының ұқсастығы мен айырмашылығын білу тілдердің туыстық деңгейін анықтаудың формалық, семантикалық ұқсастығы мен айырмашылығын білу мазмұндық көрсеткіші болып саналады. Нәтижесінде нақты қыпшақ-ноғай шағын тобындағы қазақ, ұйғыр тукю шағын тобындағы тува тілдерінің материалында дыбыстық және мағыналық ұқсастықтары арқылы олардың туыстығын, ерекшеліктері арқылы дербес тіл екендігі дәлелденді. Қазақ және тува тілдерінің ортақ лексикасын дыбыстық және мағыналық аспектілерде талдау арқылы туыстық деңгейі нақты фактілермен айқындалды.

Кілт сөздер: қазіргі түркі тілдері, алыс туыстықтағы тілдер, фонетикалық, семантикалық ұқсастықтар, ерекшеліктер, мазмұндық, формалық көрсеткіштер.

Kipicne

Туыс тілдер алыс туыстықтағы, жақын туыстықтағы тілдер болып бөлінетіні белгілі. Тілдер туыстығының алыс-жақындығы бір тілдік семьядағы тілдердің бұтаққа, тармаққа, топқа, шағын топқа бөліне келе бір шағын топқа жататындығымен айқындалады. Осы тұрғыдан келгенде, Н.А. Баскаковтың классификациясы бойынша, қазақ тілі батыс хун бұтағының қыпшақ тобындағы қыпшақ-ноғай шағын тобына жатып, ноғай, қарақалпақ тілдерімен ең жақын туыстықта болады. Ал тува тілі шығыс хун бұтағының ұйғыр-оғыз тобының ұйғыр тукю шағын тобына жатады [1]. Демек қазақ және тува тілдері — басқа бұтақ, басқа топ, басқа шағын топқа жататын болғандықтан, алыс туыстықтағы тілдер.

Туыс тілдер дегеніміз — көне түбір-қосымшалары ортақ, грамматикалық ережелері ұқсас тілдер. *Тақырыптың өзектілігі* алыс туыстықтағы тілдердің бір-бірінен ерекше белгілерінің фонетикалық және семантикалық аспектілерде түркітануда әлі де нақты анықталмағандығында жатыр. Фонетикалық, грамматикалық талдаулар тілдердің материалдық көрсеткіші болса, семантикалық талдаулар олардың идеялық көрсеткіші. Сондықтан да аталған тілдерді синхрондық және диахрондық тұрғыларда кешенді қарастыру қажет.

Қазақ және тува тілдеріне ортақ лексиканың фонетикалық және семантикалық ерекшеліктерін салыстырып, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындаудағы *мақсат* — алыс туыстықтағы тілдердің фонетикалық, семантикалық көрсеткіштерін анықтау. Ізденіс мақсатын іске асыру үшін ортақ лексиканың түбір және туынды сөздерін: 1) фонетикалық, яғни оларды алдымен дыбыстық айырмашылығы бар, дыбыстық айырмашылығы жоқ деп бөліп, дыбыстық айырмашылығы бар сөздерді ғана талдау нысаны етеміз, түбір сөздерді бастапқы (анлаут), ортаңғы (инлаут), соңғы (аулаут) позицияларға бөлеміз, 2) семантикалық, яғни сөздердің аталмыш тілдердегі мағыналарының ұқсастығы мен ерекшелігін анықтап, қазақ сөзінің этимологиялық негізін айқындауға зер саламыз, екі тілдегі ерекшеліктері деген *міндеттерді* орындауымыз керек болады.

Түркітанудың *тарихы* түркі тілдерінің лексикасын фонетикалық, семантикалық және грамматикалық аспектілерде зерттеуден басталады. Түркі тайпаларының тілдерінің алғашқы ізденіс

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: szhalmakhanov@bk.ru

нысаны болуы араб және парсы өркениетінің орталықтарынан басталғанымен, нағыз түркітанудың отаны — Ресей. Оның басталғаны төрт ғасырдан астам уақыт болды [1; 19-29].

Қазіргі түркі тілдерінің ортақ лексикасын фонетикалық, семантикалық аспектілерде салыстыра талдауға арналған еңбектерді бірнеше топқа біріктіруге болады. Олар: этимологиялық сөздіктердің лұғаттық мақалалары [2], жалпы этимология теориясына арналған [3], түркі тілдерінің нақты топтарына [4], алтай семьясының тілдеріне арналған [5], түркі тілдерінің қазіргі немесе тарихи грамматикасына арналған монографиялар [6], оқу құралы [7], белгілі лексикалық-тақырыптық топқа жататын сөздердің этимологиясын талдаған мақалалар [8]. Тақырыптың зерттелу тарихына шолудан қазіргі түркі тілдерін өзара салыстыра қарастырудың тың жатқан ізденіс нысандары екенін байқаймыз. Сондықтан да бұл мәселе өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Ізденіс барысында лингвистика ілімінің көптеген әдіс-тәсілдері, амалдары, құралдары және жолдары қолданылады. Мақала қазіргі қазақ және тува тілдерінің лексикасына негізделгендіктен, жұмысымызда негізінен сипаттама, салыстыру, синхрондық, индукциялық, дедукциялық әдістер қолданылды. Екі тілдегі дыбыстық және мағыналық өзгерістер салыстырылатын, тілдік динамика тарихи процесс болғандықтан, диахрониялық әдіс те пайдаланылды. Лексикалық қорды салыстырмалы-сипаттамалы аспектіде зерттеу үшін ортақ лексиканы зерттеу материалы ретінде таңдап алынды. Себебі белгілі бір тілдерге ортақ сөздер арқылы ғана олардың формалық (фонетикалық) және мазмұндық (мазмұндық) ерекшеліктерін анықтауға болады.

Фонетикалық материалды талдау барысында дыбыстарды жіктеу (дауысты, дауыссыз), сөздің буындық құрылымына талдау (анлаут, инлаут, ауслаут), сөз түбірін дыбыстық құрамына талдау (дауысты, дауысты-дауыссыз, дауыссыз-дауысты, дауыссыз-дауысты-дауыссыз), сөзді орфографиялық талдау (фонетикалық, морфологиялық, дәстүлі принциптермен жазылуы) тәсілдері қолданылады. Салыстырылып отырған тілдерде дыбыстарды жіктеу тәсілімен оларда неше дауысты, неше дауыссыз дыбыс бар екендігі, сөздің буындық құрылымы тәсілімен басқы, ортаңғы, соңғы буын позицияларындағы ерекшелік, сөз түбірін дыбыстық құрамына талдау арқылы тілдердің түбір сөздерінің модельдері, сөзді орфографиялық талдау нәтижесінде қазақ және тува тілдерінің лингвальдық немесе лабиальдық сипаты анықталады.

Семантикалық материалды талдау барысында сөз мағынасын компоненттік талдау, сөз мағынасын комплекстік талдау, лексикалық-семантикалық, лексикалық-тақырыптық, лексикалық-грамматикалық топтарға талдау тәсілдері, этнолингвистикалық, этимологиялық талдау әдістері пайдаланылады. Салыстырылып отырған тілдерде сөз мағынасын компоненттік талдау белгілі бір лексеманың басқа туыс тілдердегі семалары, сөз мағынасын комплекстік талдау туыс тілдерге ортақ лексеманың көп мағыналылығын, қай сема қай тілде қолданылатынын анықтауға септігі тиеді.

Лексикалық-семантикалық, лексикалық-тақырыптық, лексикалық-грамматикалық топтарға талдау тәсілдері ортақ сөздердің тура, ауыспалы, туынды, сараланған мағыналарда, атайтын объектісінің өзгешелігін, қандай сөз таптарына жататындығын айқындауға жол ашады. Этнолингвистикалық талдау әдістері ортақ сөздердің атауы мен мағынасының ұлттық айырмашылықтарын салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімдерінің негізінде дәлелдеуге, этимологиялық талдау жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің төркіні мен тарихын ашуда көмегі зор.

Зерттеудің материалы ретінде эксперименттік мақсатта қазақ және саха тілдеріне ортақ а, б, д дыбыстарынан басталатын 330 ортақ сөз алынды.

Талқылаулар мен нәтижелер

1. Фонетикалық талдау

Алыс туыстықтағы тілдердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындаудың бір жолы сөз түбірлерінің дыбыстық, яғни морфонологиялық құрамымен тікелей байланысты. Тува тілінің әліппесінде 35 әріп бар [9]. Қазақ тілінде 42 әріп болса, соның 5 әрпі (ә, қ, ұ, і, е) тува тілінде жоқ. Демек тува тілінде ол дыбыстардан сөздер құралмайды. Бұдан қазақ және тува тілдеріндегі сөздердің дыбыстық құрамының әр түрлілігінен келіп дыбыстық алмасулар туындаған деген ой туындайды.

Қазақ және саха тілдеріне ортақ а, б, д дыбыстарынан басталатын 330 ортақ сөз бар. Олардың дыбыстық айырмашылығы бары 275 сөз, дыбыстық айырмашылығы жоқ сөздер 52 сөз. Дыбыстық айырмашылығы бар буындық ерекшелігі бар сөздердің әрқайсысы бастапқы (анлаут) позицияда,

ортаңғы (инлаут) позицияда, соңғы (ауслаут) позицияда ерекшеліктері бар сөздер болып бөлінеді. Дыбыстық айырмашылығы бар сөздерді 1 буынды (55 сөз), 2 буынды (145 сөз), 3 буынды (57 сөз), 4 буынды (13 сөз) сөздер деп жіктейміз.

1 буынды сөздер: а, ас, аът, дағ, бағ, баш, бе I, бег, беш, бог, бош, даш, бут I, бус I, бус II, бут, бүт, быт, дағ, дай, дал I, дал II, даң I, дап I, даш, дег, деш, дем I, дең I, дең III, дер, дил, диш, дос, дой I, дол, доң I, дөр, дөрт, дөш, дун, дус I, дус II, дуяғ, дүш I, дүш II, дүк I, дүк II, дүн, дүп, дүш, дыл, дыт, дег, даш.

2 буынды сөздер: аа, аа, аал, аар, аас, ава, авай, агар I, агар II, агла, агым, ада I, ада II, адак, адан, адығ, адыр I, адыр II, ажығ I (ажы), ажық I, азығ I, айыт, демир, кодан, албыс, алды, алдын, алыш-бериш, арбай, аргар, артыш, ары, арығ, арық, аска, атташ, ача (ачай), аьттан, аьттығ, аьш-чем, аяар, чорук, баар I, баар II, багла, базым, бакта, бала III, балды, балдыр, балдыр-бээжек ырак, базын, башка, башкы II, башта, баштығ, бедик, бекте, бижек, бирик, бирик-билик, билзек, билиг, болза, бопук, бөгүн, бөдей, чүрек, чечек, бөлүк, бөрү, бөзек, будук, бузук, буйла, булак, бұлан, булат, булут, бурган, бургт-сарт, бурун (бурунгу), буур, бүге, бүгү, бүдүн, бүргүт, бүрү I, быгын, былга, бышкы, бышкыр, бээр I (бер), бээр II, даван, дага, дагын, дайна, дайнам, дакпыр, далган, далгы I, далда, дамды, дамыр, дары, деге, дежик, безер/дес, демир I, деңге, деңзи, дептер, дерлик, дески, диин, дилги, дилег, дилен, дириг, довуқ, докпак, долга, долдур, долу II, дорзук, доруг, дорум, дөгер, дөжек, дугай, дуза, дузак, дуран, дүкпү, дүлей, дүндүк, дүнгүр, дүндер, дыгый, дыңна, дыра, дырбак, дырыш.

3 буынды сөздер: аартык, аарығ, агаар, агылдыр, адакта, адакташ, адактал, ада-чурт, адырык, ажыткы (ажынды), азыра, азырал, салаа, айыыр, быдаа, коргулчун, алдыы, арага (арака), аралаш, арзылаң, арттынчак, арыгла,

аьтсыра, базаар, баскыыш, боогда, бораан, бугажык, бузунду, булгаар, булганыр I (булган), бурундук, буура, буурул, бүүрек, бүшкүгүр, бызаа, даалык, делегей, дакпырла, далганна, дамбала, дамбыра, дашкаар, даянгыыш, диленчи, довурак, доктаа, доозун, допчула, дорала, сөөгү, думаа, дүлгүүр, дүштеки, дырышкак, дээрбе.

4 буынды сөздер: аарыыр, ааттынчак, агарла, адырылбас, азыракчы, азыранды, айызаар, айылаар, арагачы, арыглакчы, баганала, базаарла, долагана.

1 буынды 55 сөздің басқы позициясында (анлаутта) кездесетін дыбыс алмасулар: с~з, д~т, г~у, ш~с, г~к, о~уу, у~ұ, ү~і, ы~и, а~ә, г~й, н~ң, ы~і, ы~ү, ег~и, дыбыстың қосылуы: +л, +и, дыбыстың түсіп қалуы: -ъ, -г, -с. 1 буынды сөздердің басқы позициясында ең көп кездесетін дыбыс алмасулары: д~т 33 рет, у~ұ 7 рет. 1 буындыда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке (а~ә, ы~и, ы~і), жуан-жуан (ы~ұ), жіңішке-жуан, жіңішке-жіңішке алмасулар жоқ. Еріндік-еріндік (о~уу, у~ұ), езулік-еріндік (ы~ұ), еріндік-езулік (ү~і), езулік-езулік (ы~и, а~ә, ы~і), дауыссыз дыбыстардың ұяң-қатаң (д~т, г~к, ш~с), қатаң-ұяң (с~з), үнді-үнді (н~ң), қатаң-қатаң, ұяң-ұяң, үнді-қатаң, қатаң-үнді ұяң-үнді алмасулары жоқ. Дауыссыздың дауыстыға г~у болып алмасуы кездеседі. Дауыстыларда ең жиі алмасатын (7 сөзде) у~ұ, дауыссыздарда д~т (33 сөзде): демек 1-буында қыпшақ тілдерінде жуан ұ дауыстысы, қатаң т дауыссызы, ұйғыр тілдерінде жіңішке у дауыстысы, ұяң д дауыссызы.

2 буынды 145 сөздің басқы позициясында кездесетін дыбыс алмасулар: а~у, г~у, ж~щ, д~т, с~к (қ~с), а~ә, ш~с, ч~ж, г~й, а~о, э~ө, е~и, ди~иі, б~п, и~ы, о~а, ө~ү, б~к, ө~е, ч~ш, у~ұ, у~о, г~к, б~м, ы~ұ, ы~і, д~ш, д~б, е~ә, и~ү, ө~о, у~ү, ү~ө, дыбыстың қосылуы: +ж, +й, дыбыстың түсіп қалуы: -ъ, -э. 2 буынды сөздердің басқы позициясында ең көп кездесетін дыбыс алмасулары: д~т 44 рет, у~ұ 11 рет. 2-буында дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке (а~ә, ы~и, ы~і), жіңішке-жуан (ө~о), жуан-жуан (а~о, о~а, ы~ұ), жіңішке-жіңішке (е~ә, и~ү, ү~ө, ө~ү, ө~е), еріндік-еріндік (ө~ү, у~ұ, у~о, ө~о, у~ү, ү~ө), езулік-еріндік (а~у, ы~ұ, а~о, э~ө, и~ү), еріндік-езулік (о~а, ө~е), езулік-езулік (а~ә, е~и, и~ы, ы~і, е~ә), дауыссыз дыбыстардың ұяң-қатаң (д~т, ш~с, б~п, б~к, г~к), қатаң-ұяң (ч~ш), ұяң-ұяң (д~ш, д~б), қатаң-қатаң (с~к (қ~с), г~к), ұяң-үнді (б~м), үнді-үнді, үнді-қатаң, қатаң-үнді алмасулар жоқ. Дауыссыздың дауыстыға г~у болып алмасуы кездеседі. Дауыстыларда ең жиі алмасатын (11 сөзде) у~ұ, дауыссыздарда д~т (44 сөзде): демек 2-буында сөздерде де қыпшақ тілдерінде жуан ұ дауыстысы, қатаң т дауыссызы, ұйғыр тілдерінде жіңішке у дауыстысы, ұяң д дауыссызы.

3 буынды 57 сөздің басқы позициясында кездесетін дыбыс алмасулар: а~у, г~к, ы~и, оо~ө, у~ұ, б~ы, б~м, ы~ұ, д~т, а~о, ш~с, ө~ү, ү~і, э~и, дыбыстың қосылуы жоқ, дыбыстың түсіп қалуы: -а, -ъ, -ш. 3 буынды сөздердің басқы позициясында ең көп кездесетін дыбыс алмасулары: д~т 13 рет, у~ұ 5 рет. 3 буындыда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке (ы~и, оо~ө), жуан-жуан (а~у, у~ұ, ы~ұ, а~о), жіңішке-жіңішке (ө~ү, ү~і, э~и), еріндік-еріндік (оо~ө, у~ұ, ө~ү, ү~і), езулік-еріндік (а~у, ы~ұ, а~о), еріндік-езулік (ү~і), езулік-езулік (э~и), дауыссыз дыбыстардың ұяң-қатаң (г~к, д~т, ш~с), ұяң-үнді

(б~м), ал жіңішке-жуан, қатаң-ұяң үнді-үнді, ұяң-ұяң, қатаң-қатаң, үнді-қатаң, қатаң-үнді алмасулар жоқ. Дауыссыздың дауыстыға б~ы болып алмасуы кездеседі. Дауыстыларда ең жиі алмасатын (5 сөзде) у~ұ, дауыссыздарда д~т (13 сөзде): демек 3-буында сөздерде де қыпшақ тілдерінде жуан ұ дауыстысы, қатаң т дауыссызы, ұйғыр тілдерінде жіңішке у дауыстысы, ұяң д дауыссызы.

4 буынды 13 сөздің басқы позициясында кездесетін дыбыс алмасулар: а~у, т~к, д~й, ыг~у бір-бірден ғана кездеседі. Дыбыстың қосылуы жоқ, дыбыстың түсіп қалуы: -а, -гаа. 4 буындыда дауысты дыбыстардың езулік-еріндік (а~у), дауыссыз дыбыстардың қатаң-қатаң (т~к), ұяң-үнді (д~й), езулік-еріндік (ыг~у) алмасулар бар. Демек дауыстылардың дыбыс алмасуларының 8 түрінің 1 түрі ғана, ал дауыссыздардың дыбыс алмасуларының 8 түрінің 3 түрі кездеседі.

2 буынды 145 сөздің ортаңғы (инлаут) позициясында кездесетін дыбыс алмасулар: с~з, в~п, а~ы, р~с, м~с, д~т, д~й, д~йу, ж~ш, ыг~у, ш~с, б~п, г~к, пыш~ша ы~а, ч~к, а~е, г~лы, ш~ч, у~ы, з~с, ж~б, е~а, ж~т, у~а, ү~і, ч~ш, у~ы, л~д, у~ұ, г~х, т~к, г~к, г~ғ, кы~пек, э~е, в~б, д~ш, ыі, ж~с, г~л, ки~те, и~і, н~н, в~у, е~а, ан~бі, пү~ірік, д~к, й~з, н~д, б~н, дыбыстың қосылуы: +ы, +у, +і, +г, +е, +л, +шік, +т, +д, +н, дыбыстың түсіп қалуы: -а, -ыг, -г, -ы, -й, -е, -у, -ү, -н. Екі тілдегі үі алмасуының ортаңғы, соңғы буындарда көп кездесуін емелілік, яғни орфографиялық, орфоэпиялық мәселе деуге болады.

Қазақ және тува тілдеріндегі 2 буынды сөздердің ортаңғы позициясында ең көп кездесетін дыбыс алмасулары: д~т 8 рет, ү~і 8 рет г~к 6 рет, г~к 5 рет, г~ғ 4 рет. Ал тува тіліндегі г ұяң дауыссыздың қазақ тіліндегі ұяң ғ дауыссызына, қатаң к, қ дауыссыздарына алмасуы 15 рет кездесуі — өзінше бір ерекше заңдылық.

3 буынды 57 сөздің ортаңғы позициясында кездесетін дыбыс алмасулар: ы~у, а~у, д~й, д~т, ж~ш, з~с, г~ғ, у~а, ыг~у, а~е, г~к, ч~ш, ө~й, ү~і, к~г, ш~с, э~і, дыбыстың қосылуы: +ш, +ыс, +т, +е, дыбыстың түсіп қалуы: -д, -у, -үг, -а, -г, -о. 3 буынды сөздердің ортаңғы позициясында көп кездесетін дыбыс алмасулар: д~й 4 рет, у~ы 4 рет.

4 буынды 13 сөздің ортаңғы позициясында кездесетін дыбыс алмасулар: ы~е, з~с, к~у, дыбыстың қосылуы: +а, дыбыстың түсіп қалуы: -ы, -а, -га.

3 буынды 57 сөздің соңғы (ауслаут) позициясында кездесетін дыбыс алмасулар: ы~р а~у, ш~с, ч~ж, у~ұ, л~у, ч~с, у~ы, л~т, н~н, ш~ж, ү~і, ы~а, н~д, ч~ш, в~п, у~а, н~ң, г~к, бе~мен, дыбыстың қосылуы: +й, +т, +ы, +у, дыбыстың түсіп қалуы: -г, -ар, -ы, -а, -ыр, -ү. 3 буынды сөздердің соңғы позициясында көп кездесетін дыбыс алмасуы — у~ы 5 рет, көп кездесетін дыбыстың түсіп қалуы: -ы 5 рет, -а 7 рет. Бұл — басқа буындарда қосылу, түсіп қалуда ерекше жиі кездесетін құбылыс.

4 буынды 13 сөздің соңғы (ауслаут) позициясында кездесетін дыбыс алмасулар: ч~ш, а~е, б~м, к~у, дыбыстың қосылуы +у, дыбыстың түсіп қалуы -аар.

Түйіндей айтсақ:

1) қазақ және тува тілдеріндегі дыбыстық айырмашылығы бар 275 сөздің 1-буындарында, яғни басқы позицияларында ең жиі дыбыстық алмасулар д~т (90 рет), у~ұ (23 рет) деген түйін жасауға болады. Оның басты себебі тува тіліндегі сөз басында т қатаң дауыссызынан емес, д ұяң дауыссызынан басталуы ұйғыр-оғыз тобына жататындығымен, алғашқы буындарда қыпшақ тілдеріне қарағанда у дыбысының қолданылатындығымен байланысты;

2) басқы буында дыбыс алмасулар сөздің буын саны артқан сайын азая береді (1 буындыда 20 дыбыс алмасуы, 2 буындыда — 38, 3 буындыда — 17, 4 буындыда — 6);

3) ортаңғы, соңғы позицияларда алмасатын, қосылатын, түсіп қалатын дыбыстардың сипаты әр түрлі болады. Нақты бір дыбыстық алмасулар көп не аз деп айтуға келе қоймайды;

4) дауыстылар (жуан-жіңішке жуан-жуан жіңішке-жуан, жіңішке-жіңішке, еріндік-еріндік, езулік-еріндік, еріндік-езулік, езулік-езулік) мен дауыссыздардың (ұяң-қатаң, қатаң-ұяң, үнді-үнді, қатаң-қатаң, ұяң-ұяң, үнді-қатаң, қатаң-үнді, ұяң-үнді) барлығы 16 түрлі дыбыс алмасулары сөздің басқы буынында сөз буыны көбейген сайын азая береді.

2) Лексикалық-семантикалық талдау

Лексикалық-семантикалық талдау академик К. Мұсаев айтқандай: «Сравнительное исследование лексики играет значительную роль при решении проблемы наиболее точной и тонкой генетической классификации тюркских языков... Сравнительное исследование лексических и семантических сходжений и расхождений тюркских языков окажет несомненную услугу при установлении относительной хронологии дифференциации групп тюркских языков, при выяснении исторических условий их формирования и взаимодействия, выявит особенности автономного развития отдельных языков» [10]. Лексикалық-семантикалық талдау сонымен бірге салыстырудың нәтижесі белгілі бір

тілдің, мәселен, қазақ тілі *сөздерінің төркінін, тарихын, мән-мағынасын анықтауға* мүмкіндік береді. Оған тува және қазақ тілдеріне ортақ лексиканың семантикасын салыстыру арқылы көз жеткізейік [11–12].

Тува тіліндегі кейбір сөздер арқылы қазақ тіліндегі түбірін, бастапқы мағынасын анықтауға болады. Тува тілінде *аат* деген түбірден *аат+кыыш* «бесік, әткеншек ілгіші» деген мағыналарды, *аат+тынар* «тербелу» деген мағынаны білдіретін туынды сөздер жасалады. Демек қазақ тіліндегі *әткеншек* сөзінің түбірі *ат* болғаны. Мұндай түйін жасауымызға *ат* сөзінің түркі тілдерінде негізгі 4 мағынасы бар: жылқы, есім, лақтыру, қарумен ату. *Ат* омонимиялық-полисемиялық жұп құбылысының семантикалық өрісінің алғашқы және соңғы семалары әткеншек сөзінің бастапқы түбірі *ат* сөзі екендігіне оған «ат сияқты міну», оны «лақтырып тербету» [13; 197–200] тән болғандықтан, *ат* түбірі *әткеншек* сөзінің уәждемесі (мотивировка) бола алады. Қазақтың *ауа* сөзі тува тілінде *агаар*: ауа, ауа райы, атмосфера деген 3 мағынада қолданылады [барлық тува тіліндегі мысалдар Э.Р. Тенишева редакциясымен жарық көрген сөздіктен алынды – Ш.Ж.]. Түркі тілдерінің этимологиялық түбірлеріне екі дауысты, екі дауыссыздың қатар келуі (әсіресе қыпшақ тілдеріне) тән емес, сондықтан қазақша *ауа* сөзінің тарихи түбірі «ага», яғни *г~у* алмасуы болғанын байқаймыз. Күн райы, ауа райы климаттың ауа ағысымен (циклонмен) өзгеріп отыратыны, жылу-суу, жыл мезгілдері құбылып тұратыны ғылымнан белгілі. Оған тува тіліндегі «ағыс» мағынасында *агар* — «ағыс, ағу», *ағым* — «ағыс, ағым, ауа ағысы» деген мағынадағы сөздер қосымша дәлел бола алады. *Бала III* сөзінің «кінә», «зиян» деген мағыналары бар. Ол қазақ тіліндегі *бала+ғам* сөзінің түбірі *ме* деген ой келеді... Қазақ тіліндегі *бітік* сөзі *бітік жазу* тіркесінде ғана кездеседі. Ал тува тілінде *бижик* деген формада: 1) бітік жазу, 2) жазбаша нұсқау, 3) хат, жолдау, жазба деген көп мағыналы сөз. Демек бұл сөз қазақ тілі үшін тарихи сөз (историзм) болса, тува тілі үшін актив лексика. Тағы бір қызық факт лалагүл тува тілінде *ай* деп аталады. Латынша атауы — мартагон, яғни соғыс құдайы Мартаны туған лилия гүлі. Орысша атауы «сарана, саранка» — түркі сөзі, «сары» деген сөзден пайда болған. Бұл гүлдің шынында да баданасы, дәні, жер астындағы түйнек тұқымының түсі сары болады екен [14, Яндекс анықтағышы].

Қазақ және тува тілдерінде ортақ сөздермен қатар төркіндес, туыс халықтар ретінде олардың ұқсас әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенімдері бар екендігін бағамдау қиын емес. Мәселен, аластауды тувалықтар «алас-алас» деп аршаның түтінімен үйді аластауды атайды екен. Тувалықтардағы мифологиялық *албыс* сөзі «дала бикеші, мыстан» деген мағынада қолданылса, қазақта жабайы адамды, сүйкімсіз, жексұрын адамды «*албасты*» (қызыл басты) деп атау бар. Содан зерттеушілер *ал* – *қызыл*, *бас+ты* «қызыл бас адам» деген этимологияға талдайды. *Буйла* тува тілінде «бұйда — түйенің мұрнына өткізілетін таяқша», ал қазақта бұл таяқшаны *мұрындық* дейді, *мұрындық* шығып кетпес үшін екі жағына тығырық (шайба секілді) бекітіледі. *Бұйда* — *мұрындыққа* желбұйдамен байланып жалғанатын жіп. Тувалықтарда түйе бес түлікке (беш чузун мал) кіреді. Ал *бурундук* сөзі «бұйда, шылбыр» мағыналарында, яғни «бұқаның не түйенің мұрнына тығылатын мұрындық таяқшасының жібі». Қазақта *мұрындық* — түйенің не бұқаның мұрнына тығылатын таяқша, *мұрындық* пен *бұйда* желбұйда деген жіңішке жіппен жалғанады. *Бұйда* деген түйенің бас жібі, шылбыр — жылқыны жетектеуге, байлауға арналған жіп. *Дүндүк (түндік)* туваша: 1) киіз үйдің түгін шығатын тесігі, мұржа, 2) астрономиялық зенит жұлдызы. Қазақша *түндік* — *мұржа* емес, күндіз жарық түсетін, таза ауа алмасу үшін жасалған шаңырақтың киіз жаппасы. Бұл тұрмыстық атауларда ортақ лексика болғанмен, олардың атайтын заттары — денотаттары әр қалай болуы мүмкін екендігін көрсетеді. Тувалықтардағы *дең III* сөзінің «ат әбзелі» деген мағына беруінен қазақ халқының *тең* сөзінің «түйе өркешінің екі жағына салмағы бірдей етіп салынатын жүк» мағынасының айырмашылығынан бұл халықтардың тұрмыс-тіршілігіндегі өзгешелікті көруге болады. Себебі қазақ атқа жүк артпайды, теңді тіпті салмайды. Тува тілінде *дең* сөзінен *деңге* (1) тең, бірдей, 2) бір мезетте, бір мезгілде, 3) бірге); *деңзи* (1) салмақ, салмақ өлшеу, 2) таразы) деген туынды сөздер жасалады. Қазақ және тува тілдеріндегі *дең/тең* сөздері тарихи түбірлес болғанымен, олардан морфологиялық формалар мен семантикалық мағыналардың жасалуы өзгеше болып келеді. Оған дәлел — *деңге/теңге* сөздерінің екі түрлі мағына беруі. Қазақ тіліндегі *теңге* «жүк арт» деген мағына берсе, тува тіліндегі «таразы» деген мағына қазақ тілінде жоқ. Жалпы түркі тілдеріне ортақ *дең/тең* сөзінің *теңге* деген валюта атауының *деньги* деген орыс сөзінің тарихи түбірі екені белгілі. *Тен/дең* сөзінің түпкі төркіні сауда-саттықтың, экономиканың негізі тауар-ақша-тауар немесе ақша-тауар-ақша қатынасының бір-біріне эквивалентті айырбасы дегенді білдіреді. Яғни тауар мен ақша секілді негізгі материалдық-қаржылық құндылықтардың бағасының тепе-тең болуы. Тува тіліндегі

дес/дез/дезер сөзінің: 1) қашу, жасырыну, 2) сырғақсу, сырттау, 3) кету, 4) дезертир болу деген мағыналары болса, қазақ тілінде без, безер деген формада «қашу, зыту», «қашаған мал» деген мағыналары бар. Орыс тіліне француз тілінен енген *дезертир* сөзінің тува тіліндегі сөзбен фонетикалық та, семантикалық жағынан да сәйкес келуі қызықты жайт...

Тува тіліндегі кейбір сөздер тіліміздің диалект сөздері мен тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің семантикасын білеміз. *Аыш-чем* сөзі қазақ тіліндегі *ас-жем* деген диалект сөздің «ас, тамақ, азық» деген мағыналарды береді. Қазақ тілінде «сақ, аяншақ» деген мағынадағы диалектіде аяр болып қолданылатын сөз тува тілінде *аяар* «баяу, тыныш, жайлы», «үнді дыбыс» деген фонетикалық термин мағыналарында қолданылады. Қазақ тілінде қажетті деген мағынадағы ділгір сөзі тува тілінде *дүлгүүр* «*кілт, негізгі*» деген мағына береді екен. Қазақ және тува тілдерінде дыбыстық құрамында еш өзгешелік жоқ *дүлей* сөзі бар. Тува тілінде «*керең, саңырау*» деген мағына берсе, «*дүлей адам*» дегенде «ашушаң, дөрекі», «*дүлей боран*» деген «алай-түлей, ақ түтек қарлы боранды» айтады.

Тува тілінің материалдары қазақ тіліндегі қос сөздердің мағынасы көмескіленген немесе жоғалған сыңарларының мағынасын анықтауға септігін тигізеді. *Бүге* — тува халқында «тізілген асықтардың ортасына қойылатын асық». Формасы жағынан қазақтағы асықтың алты қалпының (бүк, шік, алшы, тәйке, омпа, сомпа) бірі *бүк* қалпымен сәйкес келеді. *Бүге* формасы қазақ тілінің «Бүгешігесіне дейін» (анық-қанығын білу) деген қос сөздің және фразалық тіркестің құрамында кездеседі. Соған қарағанда, қазақ тіліндегі *бүк, шік* деген сөздер моносиллаб ретінде тува тілінің *бүге* сөзінің көне, этимологиялық түбірі болса керек. *Дириг* (тірі) сөзінде қазақ тіліндегі *өлік-тірік* қос сөзінің көне мағынасы мен формасы сақталған. *Дом I* сөзінің тува тілінде фольклорлық мәтіндерде «дуа, дәрі-дәрмек, ішірткі» деген мағыналарынан қазақ тілінде екінші сыңары мағынасын жоғалтқан қос сөздің, яғни *ем-дом* дегендегі *дом* сөзінің түпкі мағыналарын айқындаймыз. Мұндай мысалды туваның *дорум* — *тайлақ* деген сөзінен аңғаруға болады. Қазақтың *тоқты-торым* деп жалпы ұсақ малды атайтын қос сөзіндегі *торымның тайлақ* екеніне көзіміз жетеді. Тува тілінде *бүүрек* (бүйрек) сөзінің анатомиялық атаудан басқа «қол саусақтарының ұшы» деген туынды мағынасы қазақ тілінде «*бүйрек бет*» деген тіркесте кездеседі. Бышқы сөзі: 1) сүт көбігінің майын бұлғауға арналған шағын күрек, 2) қойыртпақты араластыруға арналған төрт бұрышты не дөңгелек тақтайша, 3) поршень деген мағыналары бар. Бұл — қазақтың піскі, піспек аспабы. Ерекшелігі қазақ тілінде поршень мағынасында қолданылмайды. *Даалық, даалықта* деген сөздер аттың жүрісінің бір түрі *шоқырақ, шоқырақтау* мағыналарын береді. Ал біздің тілімізде *далақтау* формасында ғана қолданылады. Мағынасы — «*мақсатсыз әрі-бері шапқылау, біреуге ермек болу*». Ал тувалықтарда аттың жүрісінің бір түрі. Бұдан қазақша далақтаудың аттың жүрісіне ұқсатудан, ауыспалы мағынасын аңғаруға болады. *Делегей* сөзі «әлемдік, дүниежүзілік» деген мағынада, қазақ тілінде телегей теңіз — мол сумағынасында плеоназм сипаты бар. Тува тіліндегі *дақпыр* бір нәрсенің еселенуін білдірсе (беш дақпыр — бес есе), туынды етістік *дақпырла*: 1) біріктіру, 2) қайталау, 3) қайталану деген 3 мағынада болады. Ал қазақ тілінде *даңқ пен дақпырт, дақпырт қылу* деген тіркестерде қолданылып, «жалған атақ, абырой» деген мағына ғана береді. Демек бұл сөз — тува тілінде семантикалық жағынан бай сөз. *Дал II* сөзі: 1) есінен танып құлау, 2) қорқудан, шошудан мелшию, сілею деген 2 мағына берсе, қазақ тілінде «өмірде кездескен қиындықтардан шығудың жолын таба алмай қиналу» деген мағынада ғана.

Екі тілдің біріндегі жұрнақ дербес сөз (шылау), көмекші есім жалғаудың (қазақ тіліндегі көмектес септігінің грамматикалық мағынасын жеке сөз береді) қызметін атқаруы мүмкін. Мәселен, тува тіліндегі *биле* жалғаулық шылауы басқа да түркі тілдеріндегідей қазақ тіліндегі *-мен, -пен* көмектес септігінің жалғауының орнына қолданылады. Тува тілінде де көмектес септігінің жеке жалғауы жоқ. Қазақ тіліндегі теңеу жасайтын *-дей жұрнағы* туватілінде жеке сөз *дег деген шылау*: 1) сондай, ұқсас, 2) тәрізді, 3) салыстыру деген мағыналары бар. Бұл — тува тілінде қазақ тіліндегі кейбір жалғаудың көмекші есіммен (*биле – -мен, -пен* көмектес септігінің орнына), кейбір жұрнақтың (*дег – -дай, -дей* теңеу жасайтын жұрнақтардың орнына жүретіндігі) әлі де дербес лексикалық бірлік екендігінің дәлелі.

Екі тілге ортақ кейбір жұрнақтардың грамматикалық мағынасы не үстейтін лексикалық мағынасы екі түрлі болуы мүмкін. Мәселен, *-сыра* жұрнағы қазақ тілінде жағымсыз реңкте, тува тілінде жағымды реңкте айтылады. Тува тілінде *аътсыра* сөзі «атпен жүргісі келу, атқа мінгенді жақсы көру» деген мағыналарда қолданылса, қазақ тілінде бұл мағына *атқұмар* деген сөзбен

беріледі. Сонымен қатар -сыра жұрнағы қазақ тілінде жағымсыз мәнде (қызылсырау — етті сағыну, байсырау — еркекті аңсау) қолданылады.

Екі тілдің лексикасының семантикасын салыстыру барысында бір тілдегі моносемалы сөз келесі тілде полисемалы сөз немесе керісінше болуы мүмкін. *Мысалы, дем I сөзі:* 1) күш біріктіру (дем қаттыштырар), 2) ынтымақтастық, 3) көмек, қолғабыс деген мағыналарда қолданылса, қазақ тіліндегі демеу, дем беру, демеп жіберу, неологизм демеуші (спонсор) сөздері тува тіліндегі 3-мағынаға, яғни «көмек, қолғабыс» деген семаға сәйкес келеді. *Далғы I сөзі* «тері илеу» деген мағынада ғана, ал қазақ тілінде: 1) тері илейтін құрал, 2) белгілі бір мәселені талдау, 3) белгілі бір адамның жағымсыз мінез-құлқын түзетуді сөз ету деген мағыналарда қолданамыз. Бұл мысалдар түркі тілдерінің біріндегі моносемалы сөз басқа түркі тілдерінде полисемалы, немесе керісінше болуы мүмкін деген қағиданы дәйектей түседі [14]. Немесе фонетикалық ұқсас сөздердің әр түрлі мағынаны білдіреді. Мысалы, тувалықтарда *дамбыра* сөзін «дауылпаз, әйелдердің барабаны» мағынасында қолданса, қазақ тілінде ұрмалы емес, шертпелі аспап атауы. Демек қазақтың *домбыра* сөзінен дыбыстық та, мағыналық та өзгешеліктері бар.

Тұжырымдай келгенде:

1) қазақ және тува тілдеріне ортақ лексика семантикалық аспектіде полисемиялық, синонимдік қарым-қатынаста, ол бұл халықтардың географиялық мекені мен шұғылданатын кәсіп-шаруашылығымен тікелей байланысты;

2) салыстырылып отырған тілдердегі кейбір сөздердің (фразеологизмдердің, қос сөздердің, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдердің құрамындағы) төркіні мен тарихын анықтауға, нақтылауға тілдік материал бола алады;

3) бұл тілдердегі кейбір сөздердің семантикасындағы айырмашылық олардың белгілі бір тілде негізгі, туынды, ауыспалы, диалектілік және сараланған (терминдер, профессионализмдер) мағыналарда қолданылуы мүмкін.

Қорытындылар мен тұжырымдар

1. Тува тіліндегі 1, 2, 3 буынды сөздердің буын саны қазақ тілімен салыстырғанда буын саны артатын фактілер кездеседі. Оның себебі — тува тіліндегі буындарда созылыңқы дыбыстардың қолданылуы.

2. Қазақ тіліне тән негізгі белгілер: жоғарыдағы белгілердің барлығы сақталады, араб, парсы, монғол, қытай сөздері аз кездеседі, сөз ұяң дыбыспен аяқталмайды, ж~й, т~д, ш~ч, м~б, к~г, у~о дыбыстық сәйкестіктердің негізінен алғашқысы белсенді қолданылады. Тува тілі мен қазақ тілінде ж~ш сәйкестіктері көп кездеседі.

3. Әлем тілдерінде, оның ішінде түркі тілдерінде моносиллаб сөздердің полисемалы болуы және полисиллаб сөздердің моносемалы болуы жиі кездеседі. Себебі моносиллаб сөзге жұрнақ жалғанғанда сөздің семантикалық мағынасы грамматикалық мағынасымен нақтыланып, түбір сөздің мағыналық өрісі тарылады, яғни мағына саны азайып, моносемалы болады.

4. Түркі тілдерінің біріндегі моносемалы сөз басқа түркі тілдерінде полисемалы, немесе керісінше болуы мүмкін.

5. Жалпы түркі тілдеріне фонетика тұрғысында сингармония, ассимиляция, сөз түбірі тұрғысында агглютинация, 2 дауысты, 2 дауыссыз қатар келмейді; сөйлемдік тұрғыда аналитикалық конструкциялы, себеп-салдар мазмұнында болып келеді.

6. Лексикалық-семантикалық аспектіде салыстыру барысында екі тілде ерекшеліктердің болуы ол халықтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенімдерінің әр түрлі болуымен, тарихи тұрғыда экстралингвистикалық факторлармен тікелей байланысты.

Мақала ҚР ҒЖБ-інің 2021-2023 жж. арналған қаржыландыру гранты бойынша (AP09260486) «Қазақ тілінің тарихи-лингвистикалық аспектіде дамуы (әз-Замахшиаридың «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі (XII ғ.) материалы негізінде)» ғылыми жобасы аясында дайындалған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков / Н.А. Баскаков. — М.: Высш. шк., 1968. — 383 с.

- 2 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б» / Э.В. Севортян. — М.: Наука, 1978. — 349 с.
- 3 Сравнительно-историческое изучение языков разных семей. Реконструкция на отдельных уровнях языковой структуры. — М.: Наука, 1989. — 207 с.
- 4 Мусаев К.М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении (западно-кипчакская группа) / К.М. Мусаев. — М.: Наука, 1975. — 356 с.
- 5 Цинциус В.И. Задачи сравнительной лексикологии алтайских языков / В.И. Цинциус // Очерки сравнительной лексикологии алтайских языков. — Л.: Наука, 1972. — 362 с.
- 6 Түймебаев Ж. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика. Морфология / Ж. Түймебаев, Г. Сағидолда, М. Ескеева. — Алматы: Қазықұрт, 2017. — 324 б.
- 7 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы / М. Томанов. — Алматы: Мектеп, 1992.
- 8 Покровская Л.А. Термины родства в тюркских языках / Л.А. Покровская. — М.: Изд-во АН СССР, 1961. — С. 11–81.
- 9 Тувинско-русский словарь / под ред. Э.Р. Тенишева. — М.: Сов. энцикл., 1968. — 648 с.
- 10 Мусаев К. Лексикология тюркских языков / К. Мусаев. — М.: Наука, 1984. — 227 с.
- 11 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік / І. Кеңесбаев. — Алматы: Арыс, 2007. — 800 б.
- 12 Қайдар Ә. Қазақ тіліндегі қос сөздер. Зерттеу және сөздік / Ә. Қайдар. — Алматы: Сардар, 2013. — 456 б.
- 13 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков / Э.В. Севортян. — М.: Наука, 1974. — 767 с.
- 14 Zhalmakhanov Sh.Sh. On the polysemantic phenomenon of the general vocabulary of Turkic monuments and languages [Electronic resource] / Sh.Sh. Zhalmakhanov, A.B. Salkynbay / Bulletin of the Kazakh National University. Philology. — 2022. — No 2. — Retrieved from <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v1867i2.05>.

Ш.Ш. Жалмаханов, Т.З. Жүсіпбек, А.Е. Жартыбаев, З.С. Советова

Фонетические и семантические особенности общей лексики казахского и тувинского языков

Общая сравнительная грамматика современных тюркских языков изучена достаточно, а тюркские языки дальнего или близкого родства между собой еще не были объектом исследования в конкретном грамматическом аспекте. Поэтому мы считаем актуальным сравнить общую лексику казахского и тувинского языков дальнего родства в фонетическом и семантическом плане. Основная причина получения общей лексики в качестве материала исследования заключается в том, что только общая лексика является главным показателем родства языков. Определение сходства и различия звукового состава общей лексики считается формальным показателем, а выявление семантического сходства и различия — содержательным в выявлении уровня родства языков. В результате мы убедились в том, что на материалах языков: казахского, который относится к кипчакско-ногайской подгруппе, и тувинского, который относится к туюк-уйгурской подгруппе, их звуковое и смысловое сходства являются родственностью, а особенности — доказательство того, что они являются самостоятельными языками. Анализируя общую лексику казахского и тувинского языков в звуковом и смысловом аспектах, уровень родства определялся конкретными фактами.

Ключевые слова: современные тюркские языки, языки дальнего родства, фонетические, семантические сходства, особенности.

Sh.Sh. Zhalmakhanov, T.Z. Zhussipbek, A.E. Zhartybaev, Z.S. Sovetova

Phonetic and semantic features of the common vocabulary of the Kazakh and Tuvan languages

The general comparative grammar of modern Turkic languages has been studied enough, and the Turkic languages of distant or close relationship to each other have not yet been the object of study in a specific grammatical aspect. Therefore, we consider it relevant to compare the general vocabulary of the Kazakh and Tuvan languages of distant kinship with phonetics and semantics. The main reason for obtaining a common vocabulary as a research material is that only a common vocabulary is the main indicator of the kinship of languages. And knowledge of the similarities and differences in the sound composition of the general vocabulary is considered a meaningful indicator of identifying formal, semantic similarities and differences in determining the level of kinship of languages. As a result, we will be convinced that, based on the material of the Kazakh and Uighur Tuky languages in a specific Kipchak-Nogai subgroup, the Tuvan language is an independent language, through sound and semantic similarity, through features. Analyzing the general vocabulary

of the Kazakh and Tuvan languages in sound and semantic aspects, the level of kinship was determined by specific facts.

Keywords: modern Turkic languages, languages of distant kinship, phonetic, semantic similarities, features.

References

- 1 Baskakov, N.A. (1968). *Vvedenie v izuchenie tiurkskikh yazykov* [Introduction to the study of Turkic languages]. Moscow: Vysshaia shkola [in Russian].
- 2 Sevortyan, E.V. (1978). *Etimologicheskii slovar tiurkskikh yazykov: Obshchetiurkskie i mezhtiurkskie osnovy na bukvu "B"* [Etymological dictionary of Turkic languages: Common Turkic and inter-Turkic bases with the letter "B"]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 3 (1989). *Sravnitelno-istoricheskoe izuchenie yazykov raznykh semei. Rekonstruktsiia na otdelnykh urovniakh yazykovoi struktury* [Comparative historical study of languages of different families. Reconstruction at separate levels of the language structure] Moscow: Nauka [in Russian].
- 4 Musaev, K.M. (1975). *Leksika tiurkskikh yazykov v sravnitelnom osveshhenii (zapadno-kipchakskaia gruppa)* [The vocabulary of the Turkic languages in comparative illumination. (Zapadno-kipchak group)]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 5 Tsintsius, V.I. (1972). *Zadachi spravnitelnoi leksikologii altaiskikh yazykov* [Tasks of explanatory lexicology of the Altai languages]. *Ocherki sravnitelnoi leksikologii altaiskikh yazykov — Essays of comparative lexicology of the Altai languages*. Leningrad: Nauka [in Russian].
- 6 Tuimebayev, Zh., Sagidolda G., & Eskeeva, M. (2017). *Turki tilderining salystymaly-tarikhi grammatikasy. Fonetika. Morfologijia* [Comparative historical grammar of Turkic languages. Phonetics. Morphology]. Almaty: Qazyqurt [in Kazakh].
- 7 Tomanov, M. (1992). *Turki tilderining salystymaly grammatikasy* [Comparative grammar of Turkic languages]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 8 Pokrovskaya, L.A. (1961). *Terminy rodstva v tiurkskikh yazykakh* [Kinship terms in the Turkic languages]. Moscow: Publishing House of the USSR Academy of Sciences [in Russian].
- 9 Tenisheva, E.R. (Eds.). (1968). *Tuvinsko-russkii slovar* [Tuvan-Russian dictionary]. Moscow: Soviet Encyclopedia [in Russian].
- 10 Musayeva, K. (1984). *Leksikologiya tiurkskikh yazykov* [Lexicology of the Turkic languages]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 11 Kenesbayev, I. (2007). *Frazeologialyq sozdik* [Phraseological dictionary]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 12 Kaidar, A. (2013). *Qazaq tilindegi qos sozder. Zertteu zhane sozdik* [Double words in the Kazakh language. Research and vocabulary]. Almaty: Sardar [in Kazakh].
- 13 Sevortyan, E.V. (1974). *Etimologicheskii slovar tiurkskikh yazykov* [Etymological dictionary of Turkic languages]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 14 Zhalmakhanov, Sh.Sh., & Salkynbay, A.B. (2022). On the polysemantic phenomenon of the general vocabulary of Turkic monuments and languages. *Bulletin of the Kazakh National University. Philology*, 2. Retrieved from <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v1867i2.05>.